**Молодежный кентіндегі аты жоқ көшені атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Молодежный кенті әкімінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 2 өкімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 мамырда N 5-17-83 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес және 1998 жылдың 08 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Қазақстан Республикасының "Әкімшілік- аумақтық құрылысы туралы" Заңының 3 бөлімінің, 14 бабының 4 тармағы негізінде **ШЕШЕМІН**:

1. Жергілікті халықтың пікірін ескере отырып, Молодежный кентіндегі орталық аты жоқ көше Ұлан ауданы әкімшілік ғимаратынан бастап Мәдениет үйіне дейін Заки Ахметовтың атымен аталсын.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуы бас маман Роза Ибраевна Кустубаеваға жүктелсін.

***Молодежный кентінің әкімі Д.Мусин***

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК